



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

трехязычия? Покажет только время. На данный момент в этом уравнении слишком много переменных.

Список использованных источников:

1. 28 апреля 1936 г. – постановление СНК СССР «О переселенцах с Украины» № 776 – 120
2. 28 августа 1941 г. Указ «О переселении немцев, проживающих в районах Поволжья»,
3. Сентябрь 1937 г. совместное постановление Совнаркома и ЦК ВКП(б) № 1428 – 326 «О выселении корейского населения из пограничных районов Дальневосточного края»
4. Закон «О языках в Республике Казахстан» от 11 июля 1997 г.
5. Закон Казахской Советской Социалистической Республики от 22 сентября 1989 г. «О языках в Казахской ССР»
6. Интервью с Ерланом Сагадиевым, TEDxAlmaty, 2013 г.
7. Janko Stamenovic, John Hudson. Serbian Cyrillic Letters
8. Гай, Людевит М.: Большая Советская Энциклопедия, 1952 г.
9. Узбекистан: Латиница или кириллица? Алишер Илхамов, 2017 г.
10. Латинизация алфавита. Узбекский опыт, 2007 г.

ӘОЖ 070:811.111

ЖУРНАЛИСТИКА САЛАСЫНДАҒЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ ДЕҢГЕЙІ

Катай Гульмайдан Нуржанкызы

gulmaidan6@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Журналистика және саясаттану факультеті, Журналистика мамандығының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Р. Е.Кусаинова

Ағылшын тілін жетік меңгеру – әлемді танудың кілті. Бұл адамдарға шексіз мүмкіндіктер береді. Қазіргі уақыт талабы – сапалы білім. Кез-келген қарым-қатынаста адам өз ойын ағылшын тілінде еркін жеткізе алса, бұл оның жан-жақтылығын, білім деңгейінің жоғары екенін көрсетеді.

Мектеп табалдырығынан бастап жоғарғы оқу орындарында ағылшын тілін үйретудің айрықша маңызы зор. Әсіресе, жоғарғы оқу орындарында шет тілін кәсіби деңгейде оқыту басты орында тұр. Яғни, әрбір студент өз мамандығына байланысты ағылшын тілін жетік меңгеріп, одан әрі қарай дамыта алады. Сондай-ақ, шет мемлекеттерге шығып, мол тәжірибе жинақтауға мүмкіндік алады.

Елімізде ағылшын тілін барлық саланың мамандары үйреніп келеді. Соның ішінде, әсіресе, журналистер тілді білу керек. Журналистиканың өзінде газет журналистері, радиожурналистер, тележурналистер, интернет журналистері болады.

Осылардың ішінде қай журналистер ағылшын тілін жетік меңгерген?..

Тележурналистикада үштілді журналистердің аз екені белгілі. Радиода да сол секілді. Қазір интернет журналистикадағы, яғни сайттарда жұмыс істейтін журналистер ағылшын тілін меңгерген болу керек. Себебі, көптеген сайттар жаңалықтарды үш, төрт, тіпті бес тілде таратып жатады.

Елбасының «Тілдердің үштұғырлығы» саясатына қолдау көрсетіп жатқан жобалар аз емес. Солардың бірі, 2017 жылдың 20 маусымында сайттарға жарияланған «SLICE OF ENGLISH» жобасы. Бұл жоба мемлекеттік қызметкерлердің ағылшын тілін «Elementary» деңгейіне жеткізуді көздейді. Қызметкерлер теория жүзінде алған білімдерін өз бағыттары бойынша практикада әрі қарай жетілдіреді екен. Ағылшын тілі “көрнекі-ақпараттандыру” әдісімен оқытылады.

Алматы облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының кеңесшісі Тоқтасын

Әсем «Жүргізіліп жатқан жобадан күтілетін нәтижелер көп. Ол журналистердің ағылшын тілін оқуға қызығушылығының артуы, есте сақтау қабілеттерінің жоғарылауы және ағылшын тілінде ақпарат беру, алу мүмкіншілігі. Егер жақсы қорытынды шығып жатса, жұмыс уақытынан тыс түрлі тренингтар өткізетін боламыз» деген екен. [1]

Қазақстандық журналистердің шет тілін меңгеру деңгейі қандай?..

Үш тілді жетік меңгерген журналистердің бірі Әйгерім Ағылтаева. Ол «Qazaqstan» ұлттық арнасында шет елдіктермен ағылшын тілінде сұхбаттасатын «Сұхбат» бағдарламасын жүргізді. Сондай-ақ, «Qazaq» радиосындағы Жанар Көбекбай да үш тілде еркін сөйлей алатын журналист. Еліміздегі үш тілді журналистердің көбі «Болашақ» бағдарламасымен оқып келген журналистер.



1-сурет. «Болашақ» бағдарламасы

Олардың қатарында ЕҰУ-нің түлегі, «Астана» радиосында музыкалық қызметтің шеф-редакторы Жанетта Садуақас та бар. Үндістан, Нью-Делидегі Джавахарлар Неру университетінде ағылшын-урду тілін оқыған. Ұстанымы: «Жанның ішкі дүниесінде үндестік болса, басқасы қиын емес. [2] Халықаралық журналист, тележүргізуші Қанат Әуесбай қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде еркін сөйлейді. Ол Франция, АҚШ, Швейцария, Грекия, Біріккен Араб Әмірлігі, Сауд Арабиясы, Қытай, Түркия, Марокко, Моңғолия, Ауғанстан, Иран, Пәкістан, Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Малайзия сияқты елдерге барып, қоғамдық-саяси маңызы бар репортаждар дайындады. [3] Оның «Үш тұғырлы тіл: ағылшын тілі неге керек?», «Үш тілді білім жүйесі еріккеннің ермегі ме?» деген мақалалары бар. «Ағылшын тілі біріккен ұлттар ұйымының алты тілінің бірі болуымен қатар, әлемдегі кең таралған жаһандандудың тілі. Ең көп халық шүйіркелесетін тілдер қатарында алдыңғы орында қытай мен испан тілі, одан кейін ғана ағылшын тілі қасқайып тұр. Десе де, таралуы жөнінен, бизнес, экономика, ғылым тілі тұрғысынан бәрібір британ жұртының тілі оқ бойы озық тұратынын аңғардық. Аңғарып қана қоймай, ағылшын тілін үйренуге бұрындары естіп-білмеген қарқынмен ден қоя бастадық», - дейді Әуесбайдың Қанаты. «Болашақ» бағдарламасының түлегі Қанат Әуесбайдың Кэмбридже басылған кітабы «Looking west. A kazakh view of Great Britain» («Батыс көрген. Ұлыбритания қазақтың көзімен») деп аталады.



2-сурет. «Батыс көрген. Ұлыбритания қазақтың көзімен» кітабы

Қазақ және ағылшын тілдерінде жазылған бұл туынды мың дана таралыммен шыққан екен. Автордың өзі әрбір қазақ баласы шетелде білімін шыңдап, ел игілігі жолында тер төгуі керек деген пікір білдірді. Айта кетейік, «Болашақ» бағдарламасымен білім алған қазақстандық түлектер арасында Қанат Әуесбай алғаш болып кітап шығарды. [4] Тағы да Нұрмұхамед Байғара, Әсия Бағдәулет, Рахат Жақсыбай, Абай Отар сияқты шет тілде еркін сөйлейтін журналистеріміз бар. Ендеше, қазақстандық журналистердің арасында ағылшын тілін жетік меңгергендері аз емес.

Неліктен журналистер ағылшын тілін білу керек?.. Бұл сауалға төмендегідей тұжырымдар жауап береді.

*Ағылшын тілі — халықаралық тіл.

*Әлемдегі ең көп тараған, әрі қытай тілінен кейінгі халық саны бойынша ең көп пайдаланатын тіл. Ұлыбритания, Америка Құрама Штаттары, Жаңа Зеландия, Аустралия елдерінде ана тілі болып саналады. Одан басқа көптеген мемлекеттерде ресми тіл деп есептеледі.

*Ағылшын тілі — БҰҰ-ның алты тілінің бірі.

*Журналистика саласында веб-редакторлар мен контент менеджерлер компьютермен жұмыс істейді. Компьютерлік технологиялардың негізгі тілі – ағылшын тілі.

*Қандай кездесулер болса да, журналистер үнемі сол жерде жүреді. Өйткені, журналист ақпарат таратушы. Ал, халықаралық маңызды кездесулер, іс-шаралар ағылшын тілінде өтеді.

Әлем бойынша студенттердің қатынас тілі – ағылшын тілі. Адамдар Instagram, Twitter, Facebook әлеуметтік желілері арқылы танысып, ақпарат алмасады.

Ағылшын тілі – саяхат тілі. Қайда барсаңыз да, сізді ағылшын тілді гид қарсы алады.

Елімізде ағылшын тілінде 3-4 газет, 7 журнал шығады. Олар: Central Asia Monitor, The Kazakhstan Monitor және The Almaty Herald газеттері және аналитикалық журнал Petroleum, Журнал «Exclusive», "NOMAD-KAZAKHSTAN" т.б. Демек, ағылшын тілін оқытуды әлі де дамыту керек.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Әрбір Қазақстандық үш тілді жетік меңгеруі керек. 2020 жылға дейін ағылшын тілін білетін тұрғындар саны біршама көбеюі керек», — деген болатын. Қорытындылай келгенде, бүгінде ағылшын тілі – жаңа технология, жаңа экономика, түрлі жаңа салалардың тілі. Қазіргі кезде ақпараттың 90%-ы ағылшын тілінде жарияланады. Ақпарат алмасудың да алуан түрлі жолы бар. Сол ақпараттардың керегін халыққа сұрыптап беретін журналистер. Журналистер сауатты, көп тіл білетін болса, халық та тексерілген, шынайы, маңызы бар ақпараттармен қамтамасыз етіледі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. www.taldyl.info
2. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал/Ағылшын тілін оқыту әдістемелігі; мектепте, колледжде және ЖОО-да №5-6, 2017 ж., Б. 54-56
3. kk.wikipedia.org Астана (радио)
4. kk.wikipedia.org Қанат Әуесбайұлы Әуесбай
5. «Білім әлемінде» журналы, №1, 2015 ж., Б. 11-15
6. 24.kz Қазақша Жаңалықтар Мәдениет